

## №3 «Гүлдер» балалар бақшасы бойынша ППҚ комиссиясының №3 Хаттамасы

16.03.2026 ж.

Қатысқандар: 5

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде

1. Балабақша мен ата-аналар консилиумы: ЕББҚ бар тәрбиеленушілердің ата-аналарымен кездесу.
2. Дамуы тежелген балалардың ата-аналарына баламен өзара әрекет ету бойынша кеңес беру.


**ТЫҢДАЛДЫ:** Педагог-психолог Г.Ешимова ЕББҚ бар тәрбиеленушілерге көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары туралы баяндады. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) қорытындысы бар 2 тәрбиеленуші бар екенін хабарлады. Аталған тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктері ескеріліп, олармен психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап өтті. 2 тәрбиеленушілердің дамуында танымдық белсенділіктің төмендігі, зейіннің тұрақсыздығы, есте сақтау қабілетінің шектеулілігі және тапсырмаларды орындауда қосымша қолдауды қажет ететіні байқалатыны атап етілді. Балалармен жұмыс жүргізу барысында олардың жас және жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін бейімдеу, күн тәртібін сақтау және психологиялық қолдау көрсету маңызды екені түсіндірілді, сондай-ақ балабақша мен ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастықтың баланың психоэмоционалдық және әлеуметтік дамуына оң әсері туралы айтылды. Сонымен қатар, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығы, бірлескен жұмыстың баланың психоэмоционалдық және әлеуметтік дамуына тигізетін әсері туралы толық ақпарат берілді. Әдіскер А.Айсина ПМПК қорытындысы бар тәрбиеленушілермен жүргізілетін бейімделген оқу-тәрбие жұмыстары, қолданылатын әдіс-тәсілдер және педагогтердің міндеттері туралы ақпарат берді. - Тәрбиешілер ПМПК қорытындысы бар тәрбиеленушілердің топтағы іс-әрекеті, құрдастарымен қарым-қатынасы, бейімделу деңгейі және байқалған оң өзгерістер туралы баяндады. МАД «Радуга» тобының тәрбиешісі А.Даулетмуратова: Захардың тапсырмаларды орындауда баяу әрекет ететіні, нұсқауларды бірнеше рет қайталап түсіндіруді қажет ететіні айтылды. Құрдастарымен қарым-қатынас кезінде енжарлық байқалатыны, алайда жүйелі қолдау мен мадақтау арқылы тапсырмаларды орындауға ынтасы артатыны атап етілді. Ортаңғы «Түймедақ» тобының тәрбиешісі Е.Заксалыкова.: ЗРР диагнозы қойылған Болатов Абдурахманның даму ерекшеліктеріне тоқталды. Баланың зейіні тұрақсыз, оқу-ойын әрекетіне тез алаңдайтыны, өздігінен жұмыс істеуде қиындықтар кездесетіні айтылды. Сонымен

қатар, ересектердің көмегімен және көрнекілік қолдану арқылы тапсырмаларды орындау нәтижесінің жақсаратыны, эмоционалды қолдауға оң жауап беретіні көрсетілді. - Ата-аналар балаларының дамуындағы қиындықтар, үй жағдайында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы пікірлерін білдіріп, мамандарға сұрақтар қойды. - Балаларының үй жағдайындағы мінез-құлқы, тапсырмаларды орындау барысындағы қиындықтар және мамандармен бірлесіп жұмыс істеуге дайын екендіктері туралы пікір білдірді. Екінші мәселе бойынша педагог-психолог Г.Ешимова дамуы тежелген балалармен өзара әрекет етудің тиімді жолдары толық түсіндірме берді. Бандамада ЗПР диагнозы бар балалардың дамуында зейіннің тұрақсыздығы, қабылдау мен есте сақтаудың баяулығы, эмоциялық тұрақсыздық байқалатыны айтылды. Осыған байланысты баламен қарым-қатынас кезінде ата-аналардың сабырлы, түсіністік танытуы, баланың мүмкіндіктерін ескере отырып талап қоюы маңызды екені атап өтілді. Сонымен қатар, үй жағдайында күн тәртібін сақтау, тапсырмаларды кезең-кезеңімен беру және баланың жетістігін уақытында мадақтау баланың дамуына оң әсер ететіні түсіндірілді.

Сөз сөйледі: Әдіскер И.Кожмагамбетова: Ата-аналарға үй жағдайында баланың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған қарапайым ойындар мен жаттығуларды (салыстыру, сәйкестендіру, түстер мен пішіндерді ажырату, ұсақ қол моторикасын дамыту) жүйелі түрде қолдану бойынша ұсыныстар берді. Тәрбиеші А.Урынгалиева: ЗПР диагнозы бар баламен күнделікті жұмыс барысында қолданылатын әдіс-тәсілдермен бөлісті. Баламен қарым-қатынаста қысқа әрі нақты нұсқаулар беру, көрнекіліктерді пайдалану және бір реттен екіншісіне біртіндеп көшу тиімді нәтиже беретінін атап өтті.

Кеңес қаулы етеді:

1. ЗПР диагнозы бар тәрбиеленушінің ата-анасына баламен өзара әрекет ету бойынша психологиялық-педагогикалық кеңес беру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру.
2. Ата-аналармен бірлесіп, үй жағдайында жүргізілетін дамыту жұмыстарының тиімділігін бақылау және баланың даму динамикасын қадағалау

Жиналыс төрайымы:  А.Айсина

Жиналыс хатшысы:  А.Нұрлыбай